

**Бакеева Мадина Кайратжановнаның «6D040600-Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ШКІР**

Бакеева Мадина Кайратжановнаның «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық зерттеу Қазақстан медиа кеңістігіндегі өзекті мәселелерді көтерумен, әрі тың ойларды ұсынумен құнды болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының медиа кеңістігінде, соның ішінде телевизия теориясы мен өндірісінің дамуына елеулі үлес қосатыны, сонымен қатар диссертациялық зерттеу телевизия мамандар үшін телережиссура саласының түсірілім барысында жаңа технологиялық стандарттарға сай жұмыс жасауға жол ашатыны күмәнсіз.

Диссертант өз зерттеу жұмысына осы тақырыбын кездейсоқтықтан таңдамағанын ерекше атап өткен жөн. Себебі, М.К. Бакеева өзінің еңбек жолын отандық телеарналарда алдымен режиссердың ассистенті, кейін тікелей эфир режиссері қызметінен бастады. Телевизия режиссеры қызметімен қатар ұстаздықпен айналысты. Ол Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ» факультетінде «Телевизия режиссурасы», «Әлем телевизиясының тарихы» пәндерінен дәріс оқыды, яғни өзінің практикалық тәжірибесін педагогикада қолданды. Осы орайда, ізденуші диссертациясының тақырыбын ішінен біледі деп толығымен пайымдауға болады.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз тараушадан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Кіріспе бөлімінде докторлық диссертацияның жалпы сипаттамасы, зерттеу тақырыбының өзектілігі, тақырыптың зерттелу деңгейі, зерттеу нысанасы және пәні, зерттеу мақсаты мен міндеттері, жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңызы, жұмыстың сыннан өтуі мен сарапталуы берілген.

Мадина Бакеева өз диссертациясында – «Қазақстан телевизия режиссурасында ұлттық контент құрудың мәселелері мен даму жолдарын кешенді талдау» деген нақты зерттеу мақсатын қойды. Автор диссертацияда зерттеу міндеттеріне сай, қол жеткізген ғылыми нәтижелерге сәйкес келетін келесі тұжырымдарды ұсынады:

1. Әлемдік телевизияның генезисін зерттеуде телережиссураның қалыптасу тарихында негізгі үш кезеңі айқындалды: 1) Телевизияның дербес медиа саласына айналуы (1940-жылдар). 2) Телережиссура саласында кинорежиссура принциптерінің бейімделуі (1950-1960 жж); 3) Телевизия режиссурасының қалыптасуы (1960-1970 жж.); Сондай-ақ телевизиялық контент ұғымының негізгі сипаттық белгілері – ЖТС түсірілімі, көпкамералық түсірілім, синхрон,

тікелей қосылым, ВМЖ (Видеомагниттік жазба), т.б. Әлемдік телевизия саласындағы негізгі эфирлік тарату форматтары ретінде аналогтік, кабельдік, спутниктік, цифрлық сигнал тарату жүйесі мен стримингтік платформалар жүйелері айқындалды;

2. Масс-медиа саласында телевизияның XX ғасырдың 50-70 жылдары қалыптасқан шығармашылық-көркемдік, ал 80-90 жылдары техникалық мүмкіндіктерінің теориялық негіздері, атап айтсақ: экран тілі, авторлық режиссура, телемонтаж принциптері, түсірілім әдістері, телевизияның техникалық тәсілдері және т.б. қарастырылды. Телережиссураның теориялық аспектілерін зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастыра отырып, телережиссураға негізделген ғылыми-теориялық зерттеулердің базасының аздығы анықталды.

3. Әлемдік телевизия үлгілері: көпкамералы (мультикам) түсірілімдер, студиялық, ЖТС-тік, деректі-хроникалық, бейсызықты монтаж, түсіру техника әдістері негізінде біріңғай телевизиялық режиссура стандарттары енгізілді. Енгізілген стандарттарға сәйкес заманауи телевизиялық контенттер технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы дамуда. Контенттің жанрлық, мазмұнды-мағыналық бағыттары ескеріледі. Әлемдік заманауи телевизия саласында контент құрудың жанрлы, мәтінді, түсіру үлгілері қалыптасты. Әлемдік үрдістерге сай контент құруда телевизиялық режиссура стандарттары қолданылды.

4. Қазақ телевизиясы әлемдік телевизиясы сынды өз тарихында бірнеше даму кезеңдерінен өткен. Отандық телевизияның құрылу кезеңі әлемдік үдерістен кешірек қалыптасқанымен, жаңадан құрылған аудио-визуалды медиа ретінде ұдайы дами бастады. Осы орайда отандық телевизия тарихындағы контент құруының бірнеше даму кезеңдерін бөліп шығаруға болады: 1) Қазақстанда алғаш рет телевизиялық эфир арқылы бағдарламалар тарату тәжірибесі (1958-1960 жж). 2) Ұлттық кәсіби мамандар базасының құрылуы, телебағдарламалар аясының кеңеюі (1960-1970 жж). 3) Телебағдарламалардағы ұлттық контент үлесінің артуы (1970-1980 жж). 4) Қазақстан тәуелсіздік алумен эфир тарату жүйесі саяси, әлеуметтік, мәдени, ақпараттық тұрғыда да дербес құрылымға айналып, отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық тұрғысынан трансформациялануы (1991 ж. бастап). 5) Қазақстандық телевизияның цифрлық форматқа ауысуына байланысты телебейненің техникалық сапасы жақсарып, өндірістің барлық сатыларының едәуір оңтайландырылуы кезеңі (2012 ж. бастап).

5. Автор қазақстандық медиа кеңістігіндегі телеарналардың контент жасауда техникалық, мазмұндық мәселелерін қарастыра отырып, телевизияның аудио-визуалды экрандық сала ретіндегі негізгі мәселелерін белгіледі: заманауи жаңа техника мен технологияларға тәуелділігі, жекелеген техникалық кәсіби мамандар тапшылығы, түпнұсқа контенттің жоқтығы, бәсекенің төмендігі, авторлық және құқықтық нормативтердің сақталмауы.

6. Отандық телевизиялық контентті саралау нәтижесінде оның өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Мәселен, тақырыптық-жанрлық құрылымы, мазмұны мен формасы. Отандық контент құрудағы психологиялық, техникалық,

технологиялық тұстары және құрылымдық ерекшелері зерделенді. Яғни, контент мазмұнында ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар мәселелерін айқын көрсету, ұлттық контентті жасауда сапасына үлкен мән беру мәселелері қарастырылды.

7. Әлемдік медиа продакшн, отандық экрандық сала және жаһандық стримингтік платформалар кеңістігіндегі заманауи цифрлық эфир тарату, интерактивті-коммуникациялық байланыс, интернет және әлеуметтік желі технологиялары прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленеді.

8. Медиа платформалар контекстінде ұлттық контент құру үрдісі рухани құндылықтарды қайта жаңғырту, отандық телевизия ұғымын қалыптастыру технологиялық прогресс тұрғысында айқындалды. Соның нәтижесінде, отандық телеарналардағы контенттің қалыптасу жолы анықталып, аудио-визуалды сала ретінде бүгінгі сипатқа ие болды. Рухани жаңғыру бағытында, жаһандану үрдісіне сәйкес, әлемдік режиссура стандарттары негізінде перспективалары мен көркемдік ерекшеліктері жүйеленді. Ұлттық контентті құру – ұлттық кодты анықтау, ұлттық бірегейлік мәселелері, рухани құндылықтарды жаңғырту, тарих пен өркениетті ұлт санасында қалыптастыру, халықтың әлеуметтік мәселелердегі сауатын арттыру сияқты маңызды мәселелерді шешеді.

9. Технологиялық даму құбылыстарын ХХІ ғасырда жетік меңгеріліп, өзектілігін жоймаған, телевизиялық тың дүниелерді қайта модернизациялауға арналған жаңа перспективалары кеңістігінде қарастыру ұсынылды. Отандық медиа кеңістігінде әлемдік үрдістерге сай заманауи стримингтік платформаларды енгізіп, ұлттық контентке негізделген өнімдермен толықтыру маңыздылығы ұсынылды. Жаһандану процесінде әлемдік медиа кеңістікке жаңадан қосылып жатқан стримингтік платформалардың өсу динамикасын анықтап, контенттің жаңа үлгілерін отандық нарыққа енгізу қажет.

Мадина Бакееваның докторлық зерттеу жүргізу барысында өзін ізденімпаз зерттеуші ретінде көрсетті. Ол қол жеткізген ғылыми нәтижелердің, қорғауға ұсынылған тұжырымдардың өзара бірлігі диссертациялық еңбектің құрылымдық тұтастығын айқындады. Диссертацияда жасалған тұжырымдар мен қорытындылар өзара сабақтасып, ғылыми зерттеу мазмұнының құрылымымен толықтай үйлеседі. Әрбір бөлімнің алдына қойған зерттеу міндеттері диссертация мәтінінде нақтылана түскен. Жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық жүйесі маңызды әрі ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді болып келеді.

Диссертант беделді отандық және шетелдік медиа зерттеушілерінің іргелі еңбектеріне сілтеме жасай отырып, Қазақстан телевизиясындағы ұлттық контент құрудың көптеген аспектілерін айқындады. Диссертацияда тараушалар бір-бірінен туындап, бірін-бірі толықтырып тұр. Қорытындылардың дәйектілігі ғылыми жұмыстың көптеген материалдар негізінде орындалғандығын көрсетеді. Мадина Бакеева Қазақстан Республикасының телевизиясына қатысты нормативті құжаттармен терең жұмыс жасаған. Әр бөлімнен кейін жазылған қысқаша тұжырымдар диссертациялық жұмыстың жылпы құндылығын арттырады.

Жоғарыда айтылған оиларды негізге ала отырып, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Бакеева Мадина Қайратжановнаның «6D040600 – Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сай орындалған, ал оның авторы «6D040600 – Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми жетекшісі:**

**Т.Қ. Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы  
«Кино тарихы мен теориясы»  
кафедрасының аға оқытушысы,  
PhD докторы**

**Айдар  
Алма  
Мұратқызы**

*А. Айдар*

